

**1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ядролық оқ-дәрілерді кәдеге жарату кезіндегі ынтымақтастық және өзара есеп айырысу туралы келісімге және 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ядролық оқ-дәрілерді кәдеге жарату кезіндегі ынтымақтастық және өзара есеп айырысу туралы келісімге 2017 жылғы 19 қыркүйектегі хаттамаға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 964 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ядролық оқ-дәрілерді кәдеге жарату кезіндегі ынтымақтастық және өзара есеп айырысу туралы келісімге және 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ядролық оқ-дәрілерді кәдеге жарату кезіндегі ынтымақтастық және өзара есеп айырысу туралы келісімге 2017 жылғы 19 қыркүйектегі хаттамаға өзгерістер енгізу туралы 2020 жылғы 30 қазанда Мәскеу қаласында жасалған хаттама бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2020 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 964 қаулысымен  
бекітілген

**1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ядролық оқ-дәрілерді кәдеге жарату кезіндегі ынтымақтастық және өзара есеп айырысу туралы келісімге және 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ядролық оқ-дәрілерді кәдеге жарату кезіндегі ынтымақтастық және өзара есеп айырысу туралы келісімге 2017 жылғы 19 қыркүйектегі Хаттамаға өзгерістер енгізу туралы ХАТТАМА**

**(2021 жылғы 20 қаңтарда күшіне енді – Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2021 ж., N 1, 5-күжат)**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ядролық оқ-дәрілерді кәдеге жарату кезіндегі ынтымақтастық және өзара есеп айырысу туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) өзгеріс енгізіліп, Келісімнің 8-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

### **"8-бап**

1. Осы Келісім мынадай барлық шарттар:

Қазақстан Республикасы іске асырылған төмен байытылған уранның толық құнын Ресей Федерациясының осыған байланысты тиісті шығындарын шегере отырып алғаннан кейін;

Қазақстан Республикасының үлесін құрайтын іске асырылмаған бастапқы материал үлесі құнының ақшалай баламасын Қазақстан Республикасы алғаннан кейін;

Тараптар ядролық оқ-дәрілерден алынған плутонийді пайдалануға қатысты келісілген шешім қабылдағаннан кейін орындалған деп есептеледі.

2. Тараптар дипломатиялық арналар арқылы осы Келісімнің қолданысын тоқтату күнін келіседі."

### **2-бап**

1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ядролық оқ-дәрілерді кәдеге жарату кезіндегі ынтымақтастық және өзара есеп айырысу туралы келісімге 2017 жылғы 19 қыркүйектегі Хаттамаға (бұдан әрі – Хаттама) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Хаттаманың 2-бабының 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тараптардың құзыретті органдары осы Хаттама шеңберінде ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін мынадай ұйымдарды (бұдан әрі – уәкілетті ұйымдар) тартады:

қазақстандық уәкілетті ұйым – "Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;  
ресейлік уәкілетті ұйым – "Техснабэкспорт" акционерлік қоғамы.";

Хаттаманың 3 және 4-баптары мынадай редакцияда жазылсын:

### **"3-бап**

1. Америка Құрама Штаттарынан Ресей Федерациясына ауыстырылған, іске асырылмаған бастапқы материалдың жалпы көлемі 2014 жылғы 1 қаңтарда уран бойынша 37 939 213 килограмды құрады.

2. Қазақстан Республикасының іске асырылмаған бастапқы материалдағы үлесі 1995 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ядролық оқ-дәрілерді кәдеге жарату кезіндегі

ынтымақтастық және өзара есеп айырысу туралы келісімге Кәдеге жаратылатын ядролық оқ-дәрілер үшін өзара есеп айырысу мерзімі мен тәртібі туралы хаттамаға сәйкес осы баптың 1-тармағында көрсетілген санның 8,98 пайызы ретінде айқындалады және іске асырылмаған бастапқы материалдың сапасын бақылауды жүзеге асыру үшін іріктелген сынамаларды ескергенде, 2014 жылғы 1 қаңтарда уран бойынша 3 406 783 киллограмды, соның ішінде Куәландырулар туралы келісім қолданылатын уран бойынша 2 654 194 киллограмды (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының үлесі) құрады.

3. Қазақстан Республикасы Келісімнің 3-бабында көзделген құнның белгіленген үлесін алумен қатар Қазақстан Республикасының үлесі құнының ақшалай баламасын алады.

4. Ресей Федерациясы Үкіметінің шешімі бойынша Ресей тарапының құзыретті органы Қазақстан Республикасының үлесін ресейлік уәкілетті ұйымға береді, ол қазақстандық және ресейлік уәкілетті ұйымдар арасында жасалатын шарт негізінде 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап сақтау құнын шегере отырып, Қазақстан Республикасының үлесі құнының нарықтық баға белгіленімдері негізінде есептелген ақшалай баламасын қазақстандық уәкілетті ұйымға аударады.

5. Әр Тараптың құзыретті органы, егер қажет деп тапқан жағдайда, Қазақстан Республикасының үлесі құнының ақшалай баламасын Қазақстан Тарапының алғаны туралы дипломатиялық арналар арқылы Америка Құрама Штаттарының тиісті органын жазбаша түрде хабардар етеді.

#### **4-бап**

1. Қазақстан Республикасының үлесін 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін сақтау Келісімнің 3-бабында көзделгендей, сатылған уранның әрбір партиясының құнында Қазақстан Республикасының белгіленген үлесі есебінен жүзеге асырылып келді.

2. Қазақстан Республикасының үлесін 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап сақтау құны уәкілетті ұйымдар арасындағы шартта оның құнының ақшалай баламасында ескерілді."

;

Хаттаманың 5 және 7-баптары алып тасталсын;

Хаттаманың 8-бабының 3-тармағы алып тасталсын.

#### **3-бап**

1. Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік 60 күн өткен соң уақытша қолданылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы дипломатиялық арналар арқылы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Хаттама қолданысын Келісім қолданысының тоқтатылуымен бір мезгілде тоқтатады.

2020 жылғы 30 қазанда Мәскеу қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі екі мәтіннің де күші бірдей.

Мәтіндер арасында алшақтықтар болған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді пайдаланады.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК